«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрық)

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы»

ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

«Білімді ұлт», «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы;

Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар, санитарлық қағидаларын бекіту туралы» ҚР денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығы;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалар;

«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.05 2020 ж № 216 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрі м.а. 22.05.2023 ж. №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен) бекітілген оқу басылымдары негізінде жүзеге асырылды.

Бастауыш білім беру деңгейінде 1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын математикалық сауаттылықты, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталған «Математика және логика» пәнін оқуға аптасына 1 сағаттан берілді және 2 сыныптарда қазақ тілі пәнінен сөйлеуді дамытуға бағытталған «Қызықты грамматика» пәніне 1 сағат берілді.

**Павлодар облысының білім беру басқармасы, Баянауыл ауданы білім беру
бөлімінің «Сұлужон жалпы орта білім беру мектебі» КММ
оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің
үлгілік оқу жоспары
2023 - 2024 оқу жылы**

2023 - 2024 оқу жылы								
№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	9	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент								
	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11	55	1870
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	442
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	408
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	510
4	Ағылшын тілі	3	3	3	3	3	15	510
	Математика және информатика	6	6	6	6	6	30	1020
5	Математика	5	5	-	-	-	10	340
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	306
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	204
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	170
	Жаратылы стану	2	2	7	8	8	27	918
9	Жаратылы стану	2	2	-	-	-	4	136
10	Физика	-	-	2	2	2	6	204
11	Химия	-	-	1	2	2	5	170
12	Биология	-	-	2	2	2	6	204
13	География	-	-	2	2	2	6	204
	Адам және қоғам	3	3	3	3	4	16	544
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	340
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	170
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	34
	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	306
17	Музыка	1	1	-	-	-	2	68
18	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	238

	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
19	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
Инварианттық оқу жүктемесі		28	28	31	32	33	152	5168
Вариативтік компонент								
	Жаһандық құзыреттілік	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	102
	Элективті курстар	-	-	-	-	-	-	
	Вариативтік оқу жүктемесі	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	102
	Ең жоғарғы оқу жүктемесі	28,5	28,5	31,5	32,5	34	155	5270
	Көркем еңбек (топқа бөлу)	2	2	1			5	170
	Барлығы	30,5	30,5	32,5	32,5	34	160	5440

**5-9-сыныптарға арналған үлгілік оқу жоспарына
түсінік хат
(Жанартылған мазмұн)**

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

«Білімді ұлт», «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Білім бері объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар, санитарлық қағидаларын бекіту туралы» ҚР денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығы;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалар;

«Орта білім беру ұйымдарына пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары негізінде жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бекітілген оқу басылымдары негізінде жүзеге асырылды.

«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып оқу жоспарына енгізілді.

**Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің
«Сұлужон жалпы орта білім беру мектебі» КММ
оқыту қазақ тілінде жүргізілетін**

**жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің
үлгілік оқу жоспары
2023 - 2024 оқу жылы**

2023 - 2024 оқу жылы					
№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жалпы жүктеме, сағат	
		10	11	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
1	Қазақ тілі	1	1	2	68
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	136
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	136
4	Ағылшын тілі	3	3	6	204
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	8	272
6	Геометрия	2	2	4	136
7	Информатика	2	2	4	136
8	Физика	2	2	4	136
9	Химия	2	2	4	136
10	Биология	2	2	4	136
11	География	2	2	4	136
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	136
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	2	68
14	Құқық негіздері	1	1	2	68
15	Дене шынықтыру	3	3	6	204
	Алғашқы әскери және				

16	технологиялық дайындық	1	1	2	68
Инварианттық оқу жүктемесі		32	32	64	2176
Вариативтік компонент					
Жаһандық құзыреттілік		1	1	2	68
Биология «Biology in English»		1	-	1	34
АӨТД «Жас сарбаз»		1	-	1	34
Тарих «Тарихи фактілер мен деректер»		-	1	1	34
«Кәсіптік бағдар беру»		-	1	1	34
Элективті курстар		2	2	4	136
Вариативтік оқу жүктемесі		3	3	6	204
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		35	35	70	2380

**10-11-сыныптарға арналған үлгілік оқу жоспарына
түсінік хат
(Жаңартылған мазмұн)**

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Білімді ұлт», «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы;

Білім бері объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар, санитарлық қағидаларын бекіту туралы» ҚР денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығы;

10-11 сыныптар "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 ж. №412 бұйрығының 86-қосымшасына сәйкес жаңартылған білім мазмұны бойынша жаратылыстану-математикалық бағытта оқиды. «Жаһандық құзіреттіліктер» курсынан 10-11 сыныптарда аптасына 1 сағаттан оқиды. 10-сыныпта Биология «Biology in English» курсына 1 сағат, АӨТД «Жас сарбаз» курсына 1 сағат берілді. 11-сыныптарда Тарих «Тарихи фактілер мен деректер», «Кәсіптік бағдар беру» 1 сағаттан берілді.

Вариативтік білім компоненттерінің сағаттары бастауыш сыныптан бастап бірізділік, үздіксіздік принциптеріне сүйене отырып және «2023-2024 оқу

жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып оқу жоспарына енгізілді.

2.3.1. ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру

Жұмыс оқу жоспарының вариативті бөлігі МЖМБС сәйкес қарастырылады және білім алушылардың білім беру қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жалпы білім беру ұйымы айқындайтын оқу курстарының кешенін қарастырады.

2021-2022 оқу жылы

Жалпы білім беретін сыныптарда жұмыс оқу жоспарының вариативтік компонентінің мазмұны арқылы оқушылардың дамуы мыналар арқылы қамтамасыз етіледі:

➤ математикалық іс-әрекетке тән ойлау қасиеттерін қалыптастыру және дамыту, математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін 1-4 сыныптардағы «Логика және математика» дамытатын сабақтар (аптасына 1 сағат),

5-9 сыныптарда оқу бағдарламасының вариативтік компонентінің мазмұны арқылы оқушылардың жан-жақты дамуы мыналар арқылы қамтамасыз етіледі:

➤ оқушылардың бағыт-бағдары мен әлеуметтік бейімделуіне қажетті экономикалық және қаржылық сауаттылықтың базалық деңгейін қалыптастыру үшін 5-6, 8-9-сыныптарда (аптасына 1 сағат) «Қызықты бизнес негіздері», «Менің денсаулығым менің қолымда» т.б. курсы оқыту жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» нұсқау-әдістемелік хатын басшылыққа ала отырып, аптасына 1 сағат 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін міндетті оқуға арналған вариативтік компоненттен бөлінді.

10-11 сынып оқушыларының таңдаған бейіндік білім беру бағытының мазмұны оқу жоспарының инварианттық компонентінің тереңдетілген деңгейінің «География» және «Дүниежүзі тарихы» таңдау пәндерін және типтік деңгейдегі пәндерді таңдауынан көрінеді. :

➤ 10 А сыныбында: «Физика», «Биология»,

➤ 10 Ә сыныбында: «Физика», «Биология»,

➤ 11 А сыныбында: «Биология», «География».

Жұмыс оқу бағдарламасының вариативтік компонентінің мазмұны арқылы 10-сыныпта оқушылардың құқықтық сауаттылығын, математикалық сауаттылығын және іскерлік ойлауын қалыптастыру

«Жалпы химия негіздері» (аптасына 1 сағат), «Параметрлі есептерді шығару» (аптасына 1 сағат), «Геоэкология-еліміздегі экологиялық мәселелердің шешу жолдары» (аптасына 1 сағат), «Эссе жазудың тиімді жолдары» (аптасына 1 сағат), «Русский язык в современном мире» (аптасына 1 сағат)

11-сыныпта жұмыс оқу жоспарының вариативтік компонентінің мазмұны арқылы оқушылардың математикалық сауаттылығын және іскерлік ойлауын

қалыптастыру «Бейорганикалық химия ерекшеліктері»

(аптасына 1 сағат), «Матрица» (аптасына 1 сағат), «Бейорганикалық химия ерекшеліктері» (аптасына 1 сағат) курстары арқылы қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «2020- 2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» нұсқаулық- әдістемелік хатын басшылыққа ала отырып, 10-сыныптарда, 1 сағат. оқу жылының соңында жас жігіттерге арналған далалық оқу (лагерь) лагерін ұйымдастыру үшін «Оқу далалық (лагерь) ақысы» курсына вариативті компоненттен бөлінді.

2022-2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылындағы сыныптарда жұмыс оқу жоспарының вариативті компонентінің мазмұны арқылы оқушылардың дамуы мыналар арқылы қамтамасыз етіледі:

➤ математикалық іс-әрекетке тән ойлау қасиеттерін қалыптастыру және дамыту, математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін 1-4 сыныптардағы «Логика және математика» сабақтар аптасына 1 сағат жүргізіледі.

5-9-сыныптарда жұмыс оқу жоспарының вариативті компонентінің мазмұны арқылы ұсынылатын «Жаһандық құзыреттер» курсының шеңберінде

➤ 5 сыныпта – 0,5 сағат

➤ 6 сыныпта – 0,5 сағат

➤ 7 сыныпта – 0,5 сағат

➤ 8 сыныпта – 0,5 сағат

➤ 9-сыныпта – 1 сағат оқытылады:

10- сыныпта жұмыс оқу жоспарының вариативтік компонентінің мазмұны арқылы «Жаһандық құзіреттілік», «Жалпы биология», «Графика және жобалау» аптасына 1 сағат элективті курстарын оқыды.

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылында сыныптарда жұмыс оқу жоспарының вариативті компонентінің мазмұны арқылы оқушылардың дамуы мыналар арқылы қамтамасыз етіледі:

➤ математикалық іс-әрекетке тән ойлау қасиеттерін қалыптастыру және дамыту, математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін 1-4 сыныптардағы «Математика және логика» 1 сағаттан, 2-сыныпта «Қызықты грамматика» аптасына 1 сағат оқытылады.

2023-2024 оқу жылында оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-9-сыныптардағы «Жаһандық құзіреттілік» курсы енгізілді.

➤ 5 сыныпта - 0,5 сағат;

➤ 6 сыныпта - 0,5 сағат;

➤ 7 сыныптарда - 0,5 сағат;

➤ 8 сыныпта - 0,5сағат;

➤ 9-сыныпта - 1 сағат оқылады.

➤ 10-11 сыныптада жұмыс оқу жоспарының вариативтік компонентінің мазмұнына сәйкес «Жаһандық құзіреттілік» курстарын 1 сағаттан оқылады.

Жұмыс оқу бағдарламасының вариативтік компонентінің мазмұны арқылы 10-сыныпта АӘТД пәнінен «Жас сарбаз» және Биология пәнінен

«Biology in English» аптасына 1 сағаттан оқылады. 11 сыныпта тарих пәнінен «Тарихи фактілер мен деректер» және «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» элективті курстарын аптасына 1 сағат оқиды

2.3.1. Сабақ кестесі

«Сұлужон жалпы білім беру мектебі» КММ-нің 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында жұмыс режимі - 5 күндік жұмыс аптасы болса, «ҚР Оқу-ағарту министрінің Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2022 жылғы 27 қыркүйектегі № 410 бұйрығының 2- тарауының 12-тармақшасына сәйкес 2022-2023 оқу жылы 5 күндік жұмыс режиміне ауысты. Сабақтар 2 ауысымда өтеді.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылын қоса алғанда оқу кестесі кестені жасауға қойылатын талаптарға сәйкес және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес жасалды (ҚР ДСМ №ҚР ДСМ-20 28-ші бұйрығына сәйкес өзгертулер мен толықтырулармен 2018 жылғы қыркүйек және 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ - 76).

3 жылдағы сабақ кестесі 2021-2022 оқу жылынан 2023-2024 оқу жылына дейін "Kundelik.kz" электронды журналында бар. Кесте мектеп басшысымен бекітілген және мектеп ата-аналар комитетімен келісілген.

2.3.2. Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

Мектептің тәрбие жұмысы оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен білім берудің нормативтік құжаттары негізінде құрылған:

Тиімді тәрбие іс-әрекетінің маңызды шарты мектептің тәрбие жұмысының жұмыс істеуі мен дамуының нормативтік-құқықтық базасының болуы болып табылады. Модернизация жағдайында мектептің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарға мыналар жатады:

"Білім туралы" ҚР Заңы,

Қазақстан Республикасының Конституциясы,

2011 жылғы 26 желтоқсандағы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" ҚР Кодексі,

2002 жылғы 8 тамыздағы "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" ҚР Заңы,

2018 жылғы 2 шілдедегі №169 - VI" балалардың құқықтары мен олардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпаратты қорғау туралы " ҚР Заңы,

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы,

білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы,

нұсқаулық – әдістемелік хат,

ҚР Еңбек кодексі,

ҚР Азаматтық Кодексі, санитариялық-эпидемиологиялық нормативтер, БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы, 13.м)» бағдарламаны іске асыру жағдайында тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 415 бұйрығымен бекітілген" Рухани жаңғыру".

14. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;

Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «№5 жалпы білім беретін мектебі» КММ-дегі барлық тәрбие және білім беру қызметі балалар мен олардың ата-аналарының қажеттіліктері мен мүдделеріне, мектептің дәстүрлеріне, жеке даму үшін қажетті мәдени мұраға негізделген. №5 жалпы білім беретін мектептің тәрбие жұмысының негізгі мақсаты - үйлесімді дамыған, шығармашылық және жоғары адамгершілік тұлғаны қалыптастыру, өз Отанына адал, бәсекелестік ортада сәтті әрекет ете алатын азамат тәрбиелеу.

Тапсырмалар:

- жалпыадамзаттық және ғылыми құндылықтар негізінде тәрбиелеу;
- тұлғаның жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру: мейірімділік, мейірімділік, әдептілік;
- шығармашылық қабілеттерін дамыту, өз мүдделеріне сәйкес іске асыруға мүмкіндік беру;
- азаматтыққа, патриотизмге, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздерді, ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу;
- әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз қызметінің нәтижелері үшін гуманистік дүниетанымды, өзіне және қоғамға, болашақ ұрпаққа жауапкершілікті қалыптастыру;
- мемлекеттік және басқа тілдерді меңгеру, Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін зерделеу және қабылдау арқылы балалардың әлемдік және ұлттық мәдениетті игеруіне жағдай жасау,
- қазіргі қоғамда өмір сүруге және тиімді әлеуметтік кәсіби қызметке қажетті жеке және кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыру, үздіксіз жеке және кәсіби өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін дамыту,
- қазақстандық қоғамда қалыптасқан этникалық және діни

толеранттылықтың тұрақты дәстүрлері негізінде тәрбиелеу және балаларда этно діннің әртүрлі формаларына қарсы тұру дағдыларын қалыптастыру;

- отбасылық тәрбие жүйесін жандандыру және отбасын мектептің тәрбие ортасына қосу,

- мектептің өзін-өзі басқаруын және пікірсайыс клубының жұмысын дамыту,

- оқушылар мен мұғалімдердің функционалдық оқу сауаттылығын дамыту мақсатында "оқу мектебі" республикалық жобасын іске асыру, ол үшін оқу процесіне күнделікті 20 минуттық көркем әдебиетті оқуды енгізу қажет.

Сұлужон жалпы білім беретін мектептің тәрбие жұмысының белгілі бір жүйесі қалыптасты, оның құрылымына директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілерінің, кітапханашының, педагог-психологтың, әлеуметтік педагогтың қызметі кіреді. Осылайша, мектептің тәрбие жүйесі сыныптың және жалпы мектептің тәрбие қызметін жоспарлы ұйымдастыруға және дамытуға бағытталған.

2021-2022 оқу жылында - 37 оқушы, 2022-2023 оқу жылында-42 оқушы, 2023-2024 оқу жылында - 43 оқушы, 11 сынып

«Сұлужон жалпы білім беру мектебі» КММ-де тәрбие процесін жүзеге асыру үшін материалдық-техникалық база құрылды: спорт залы, кітапханасы.

«Сұлужон жалпы білім беру мектебі» КММ-де тәрбие жұмысы білім беру процесінің тәрбие әлеуетін арттыруға, оқыту мен тәрбиелеуді интеграциялауға, жалпыұлттық идеядағы тәрбие әдіснамасын, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағытталған "Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері" негізінде құрылған "Мәңгілік ел", отбасылық тәрбие құндылықтары, сондай-ақ оқу және тәрбие процестерінің интеграциялануы.

Білім беру жүйесі өзінің дамуында тәрбиенің негізгі принциптеріне сүйенеді:

- гуманизм, демократия, төзімділік, индивидуализм, орындылығы, үздіксіздік.

8 бағыт бойынша Тұжырымдаманы іске асыру барысында тәрбие қызметін ұйымдастыру.

Бірінші бағыт: Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие беру.

"Атамекен" және "Тәрбие және білім" кіші бағдарламалары: "Отаным - тағдырым", "Қазақстанның киелі географиясы" жобалары.

Мақсаты: оқушылардың бойында азаматтық-патриоттық сананы қалыптастыру. Міндеттері: Конституцияға, ҚР заңнамасына құрмет көрсетуге тәрбиелеу,

Мемлекеттік рәміздер, азаматтық ұстанымды, өз Отанына деген мақтаныш пен оны қорғауға деген ұмтылысты қалыптастыру, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, әлеуметтік және діни толеранттылық мәдениетін тәрбиелеу, мектеп оқушысы тұлғасының оң әлеуметтенуіне жағдай жасау.

Екінші бағыт: рухани-адамгершілік тәрбие. Кіші бағдарлама: "Рухани қазына" ("Рухани қазына").

Мақсаты: Оқушыларға адам өмірінің мәнін, Мәңгілік Ел рухани - адамгершілік құндылығын түсінуге үйрету: зайырлы қоғам және жоғары руханият.

Міндеттері: оқушылардың бойында дүниетанымның адамгершілік мәдениетін қалыптастыру, адамгершілік, мінез-құлық дағдылары мен адамгершілік өзін-өзі тәрбиелеу, сондай-ақ қарым-қатынас мәдениеті туралы

білімді қалыптастыруға ықпал ету, позитивті дүниетанымды қалыптастыру, адамгершілікке өз міндеттеріне, өзіне, қоғамдық тапсырмаларға адал қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу.

Үшінші бағыт: ұлттық тәрбие

"Туған жер" "Өлкетану", жобасы.

Мақсаты: ұлттық сананы, туған жерге, өз халқына деген сүйіспеншілікті, Мәңгілік Ел рухани-адамгершілік құндылығын қалыптастыру: біздің қоғамдағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.

Міндеттері: қазақ халқының тілін, тарихы мен мәдениетін құрметтеуге, оның үздік дәстүрлерін сақтауға және дамытуға тәрбиелеу, Қазақстанның басқа халықтарының дәстүрлерінің мәдени ерекшеліктерін зерделеу, қабылдау және құрметтеу

Төртінші бағыт: отбасылық тәрбие

"Отбасы әлемі жобасы"

Мақсаты: ұрпақтардың рухани бірлігін, ата-аналарға, айналадағы адамдарға, құрдастарына құрмет пен жақсы қарым-қатынасты тәрбиелеу.

Міндеттері: отбасылық құндылықтардың маңыздылығын түсіндіру, отбасындағы қарым-қатынасты жақсартуға жәрдемдесу, отбасының барлық мүшелеріне қатысты жауапкершілікті тәрбиелеу, мектеп пен отбасы арасында жемісті ынтымақтастық орнатуға ықпал ету.

Бесінші бағыт: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. "Саналы азамат" жобасы

Мақсаты: еңбектің маңыздылығын түсінуді қалыптастыру; қоршаған ортаны қорғаушының белсенді ұстанымын, Мәңгілік Ел рухани-адамгершілік құндылығын тәрбиелеу: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.

Міндеттері: Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру, еңбек қызметінің әртүрлі түрлеріне адал және шығармашылық қарым-қатынас жасау, туған өлкенің табиғатын зерттеу, оның сұлулығы мен ерекшеліктеріне баса назар аудару, табиғатқа деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты қалыптастыру, табиғи байлықты көбейтуге ынталандыру.

Алтыншы бағыт: Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

"Ақпарат" Кіші Бағдарламасы. "Дарынды елі" жобасы ("дарынды халық").

Мақсаты: Мәңгілік Ел рухани-адамгершілік құндылығын қалыптастыру: тарихтың, мәдениет пен тілдің бірлігі, сынып оқушыларының Тәуелсіздік бастамасын көрсетуі үшін жағдай жасау.

Міндеттері: сынып оқушыларының сабақтан тыс жұмыста өздерінің жеке қабілеттерін тең дәрежеде көрсетуіне жағдай жасау, шындықты эстетикалық қабылдауды қалыптастыру, Өз және басқалардың жетістіктерін барабар бағалау, өз жетістіктеріне қуану және басқалардың сәтсіздіктері үшін қайғыру қабілеттерін дамыту, оқуға деген құштарлығын сақтау, өзіне деген сенімді нығайту.

Жетінші бағыт: Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

Мақсаты: Мәңгілік Ел рухани-адамгершілік құндылығын қалыптастыру: инновацияларға негізделген индустрияландыру және экономикалық өсу, оқушылардың өз бойында ұтымды ойлау, қоршаған

өмірде өзінің зияткерлік қабілеттерін тиімді көрсету қабілетін дамытуға көмек көрсету.

Міндеттері: оқушылардың зияткерлік дамуында ілгерілеуі үшін жағдай жасау; оқушылардың зияткерлік мәдениетін қалыптастыру, олардың ой-өрісі мен қызығушылығын дамыту.

Сегізінші бағыт: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты. "Салауатты ұрпақ" жобасы ("салауатты болашақ").

Мақсаты: Оқушыларға адамның физикалық және психикалық денсаулығының маңыздылығын көрсету; Болашақ өзін-өзі растау үшін денсаулықтың маңыздылығын түсінуге тәрбиелеу.

Міндеттері: оқушылардың өз денсаулығын сақтау және жетілдіру мәдениетін қалыптастыру; оқушыларды физикалық және психикалық денсаулықты сақтау бойынша алдыңғы ұрпақтың тәжірибесі мен дәстүрлерімен таныстыру.

2023-2024 оқу жылы тәрбие жұмысы білім беру процесінің Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және елбірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;

- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың

физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас) ұсынады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;

- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;

- тарихи, деректі фильмдерді талдау;

- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;

- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;

- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;

- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу,

спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б.шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар,

тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңдыөкілдерге) арналған консультациялар);

- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзараәрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Сыныптан тыс жұмыстар

Барлық сыныптан тыс іс — шаралардың жалпы мақсаты оқушыларды үйлесімді тәрбиелеу және жан-жақты дамыту. Олар балаларда белгілі бір құндылықтар жүйесін қалыптастыруға және әлемге, олардың жеке басына деген көзқарасты қалыптастыруға көмектеседі; ұлттық және қоғамдық мәдениет пен дәстүрлермен таныстыру.

Негізгі оқу үдерісімен салыстырғанда, мұнда білім беру функциясы қалған екеуіне көмекші болып табылады және ең алдымен әлеуметтік дағдыларды оқытуға бағытталған. Тәрбиелік және дамытушылық функциялар моральдық-адамгершілік мәдениетті, рухани мұраттарды қалыптастыру, әр жеке баланың жеке (интеллектуалды, шығармашылық, психологиялық және эмоционалды) қасиеттерін анықтау және дамыту.

Оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетінің формаларына мыналар жатады:

- * пәндік және тақырыптық үйірмелер,
- * оқушылардың ғылыми және жобалық-зерттеу қызметі,
- * спорт секциялары,
- * ұжымдық шығармашылық істер.

2021-2024 оқу жылдарындағы тәрбие жұмыстарын іске асыру бойынша жүргізілген іс-шаралардың сандық көрсеткіші

Бағыты	2021-2022 ж.			2022-2023 ж.			2023-2024 ж.		
	Өткізу формасы	Іс-шаралар саны	Ауқымы	Өткізу формасы	Іс-шаралар саны	Ауқымы	Өткізу формасы	Іс-шаралар саны	Ауқымы
Құқықтық тәрбие. Қазақстандық патриотизм мен									
	Сынып сағ-ы	8	40	Сынып сағ-ы	7	42	Сынып сағ-ы	9	43
	Кездесулер	1	58	Кездесулер	1	48	Кездесулер	4	43
	Жиналыстар	2	80	Жиналыстар	3	68	Жиналыстар	3	60
	Байқаулар	3	40	Байқаулар	4	36	Байқаулар	5	14
	Флеш-моб	2	40	Флеш-моб	2	48	Флэш-моб	2	47

Рухани-адамгершілік тәрбие	Сынып сағ-ы	7	40	Сынып сағ-ы	8	42	Сынып сағ-ы	8	43
	Конференция	1	8	Конфе-ция	1	12	Конфе-ция	1	4
	Кездесулер	2	46	Кездесулер	2	48	Кездесулер	2	68
	Концерт	3	92	Концерт	4	71	Концерт	4	64
	Челлендж	2	60	Челлендж	4	59	Челлендж	5	56
Ұлттық тәрбие	Концерт	1	62	Концерт	1	58	Концерт	1	49
	Челлендж	2	4	Челлендж	2	60	Челлендж	2	43
	Конфе-ция	1	40	Конфе-ция	1	19	Конфе-ция	1	5

Отбасылық тәрбие	Жиналыстар	3	38	Жиналыстар	4	61	Жиналыстар	4	42
	Байқаулар	3	12	Байқаулар	5	42	Байқаулар	5	6
	Флэш-моб	2	48	Флэш-моб	2	55	Флэш-моб	2	50
Еңбек, экономика, экология	Байқаулар	4	56	Байқаулар	4	41	Байқаулар	4	27
	Сынып сағ-ы	5	37	Сынып сағ-ы	5	42	Сынып сағ-ы	5	43
	Кездесулер	2	59	Кездесулер	3	51	Кездесулер	3	72
	Көрме	2	47	Көрме	2	63	Көрме	2	68
Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	Сурет көрмесі	1	52	Сурет көрмесі	1	42	Сурет көрмесі	1	43
	Көрме	1	45	Көрме	1	42	Көрме	1	43
	Байқаулар	2	32	Байқаулар	2	18	Байқаулар	2	7
	Челлендж	1	43	Челлендж	1	42	Челлендж	1	61
Зияткерлік тәрбие	Сынып сағ-ы	4	39	Сынып сағ-ы	4	40	Сынып сағ-ы	4	43
	Сурет көрмесі	2	40	Сурет көрмесі	2	58	Сурет көрмесі	2	64
	Экскурсия	3	47	Экскурсия	3	40	Экскурсия	3	64
	Көрме	3	40	Көрме	3	68	Көрме	4	42
	Байқаулар	1	38	Байқаулар	1	45	Байқаулар	1	4
	Дебат	2	40	Дебат	3	45	Дебат	4	15
Дене тәрбие	Жарыстар	4	69	Жарыстар	5	75	Жарыстар	5	18

Мектептің тәрбие жұмысының негізгі бағыттарының бағдарламасын іске асыру олардың ерекшеліктерін (физикалық, интеллектуалдық, психологиялық) ескере отырып, барлық жас топтары бойынша бір мезгілде жүзеге асырылады.

Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыруды әлеуметтік педагогтың, педагог-психологтың, сынып жетекшілерінің, аға тәлімгердің тікелей қатысуымен және мектепті бірлесіп басқару органының қатысуымен тәрбие жұмысына жетекшілік ететін директордың орынбасары басқарады.

Тәрбие жұмысы жалпы мектептік істерді ұйымдастыруда, сынып ұжымдарының өмірінде, қалада, ауданда және облыста өткізілетін түрлі акцияларға, жобаларға қатысуында, директор жанындағы кеңестерде, сынып жетекшілер отырыстарында, сынып жетекшілерінің ӘБ отырыстарында тәрбие қызметі мәселелерін талқылауда, түрлі сауалнамалар мен сауалнамалар жүргізуде іске асырылады.

Әр сынып сынып жетекшісінде мектеп әкімшілігімен келісілген және бекітілген тәрбие жұмысының жоспары жасалды, онда тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері жалпы мектептегі тәрбие жұмысының барлық бағыттарын қамтиды.

Қазіргі мектептегі тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі оқушының жеке басының әлеуметтік азаматтық және рухани дамуында үлкен маңызы бар ұлтаралық қатынастардың патриотизмі мен мәдениетін қалыптастыру. Басым жалпыұлттық патриоттық идея ретінде патриоттық жобалар пайдаланылады.

"Мәңгілік Ел" және "Туған жер", "Рухани жаңғыру" бағдарламасы.

Ұлттық тәрбиенің мақсаты өзіне тән құндылықтары, көзқарастары, қызметі мен мінез-құлқының уәждері бар Қазақстан азаматы мен патриотының жеке басын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Бұл мақсат білім алушылардың оқу сабақтары мен сабақтан тыс өмірін біріктіре отырып, бүкіл педагогикалық процесті қамтиды. Мақсатқа жету келесі міндеттерді шешу арқылы мүмкін болады:

- жаңа ақпараттық технологиялар негізінде азаматтық-патриоттық тәрбиенің нысандары мен әдістерін дамыту;

- оқушылардың жауапкершілігін, азаматтық белсенділігін, өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысын қалыптастыру;

- толеранттылыққа тәрбиелеу;

- азаматтық борыш сезімін қалыптастыру;

- Отанға деген сүйіспеншілік сезімін, оның тарихын, мәдениетін, дәстүрлерін, қоғамдық өмір нормаларын құрметтеуді қалыптастыру;

- мемлекеттік рәміздерге (Әнұран, Ту, Елтаңба) құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

Мектептегі азаматтық-патриоттық тәрбие-бұл оқушыларды демократиялық қоғам жағдайында жұмыс істеуге және өзара әрекеттесуге, құқықтар мен міндеттерді іске асыруға, сондай-ақ өзінің саяси, моральдық және құқықтық таңдауы үшін, өмірлік жетістікке жету үшін өз қабілеттерін барынша дамыту үшін жауапкершілікті нығайтуға дайындаудың мақсатты, адамгершілікке негізделген процесі.

Азаматтық-патриоттық тәрбие бойынша жұмыс оқу сабақтарын ұйымдастыру, сыныптан тыс және сабақтан тыс жұмыстарды жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік рәміздерді зерттеуге ерекше көңіл бөлінеді. Мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға тәрбиелеу мақсатында:

- "Тәуелсіз Қазақстанның рәміздері", "Қазақстанды өз жүрегінде алып жүру", "ҚР Мемлекеттік рәміздері" сынып сағаттары;
- "Мемлекеттік рәміздерді білесің бе?" сауалнама
- жас ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу бойынша әңгімелер;

Мектептің фойесінде, кітапханада, тарих, алғашқы әскери дайындық кабинетінде, бастауыш сынып, қазақ тілі мен әдебиеті кабинеттерінде ҚР Мемлекеттік рәміздері ұсынылған. Әр дүйсенбі сайын бірінші сабақта, салтанатты іс-шараларда ҚР Әнұраны орындалады. Барлық іс-шаралар азаматтық өзін-өзі тануды, оң қарым-қатынастар мен құндылықтарды қалыптастыруда ҚР Мемлекеттік рәміздерінің мәнін игеру бойынша мақсатты жүйелі жұмысты көрсетеді.

Оқушылардың жеке басын қалыптастыру мен дамытуда мектеп "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыруда жетекші рөл атқарады. Мектеп "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі, оған "тәрбие және білім" кіші бағдарламасының базалық бағыттары бойынша іс-шаралар кіреді, оған "өлкетану", бағыты кіреді.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде мынадай маңызды іс-шаралар өткізіледі:

- "Болашаққа бағдар-Рухани жаңғыру" ақпараттық сағаты;
- "Рухани жаңғыру-ұрпақ тәрбиесі басталады" дөңгелек үстелі, "Менің елімнің атаулы күндері"; "Мен патриотпын".
- "Қазақстан рәміздері", "туған өлке-барлығының негізі" сынып сағаттары
- "Қазақстан-біздің ортақ үйіміз", "Қазақстанның рухани мұрасы";
- "Туған жерім" тақырыптық кітап көрмесін ұйымдастыру;
- "Туған жер" жобасы аясында туған қаламыздағы мұражайға экскурсиялық сапар;
- "Оқу мектебі" жобасын ұйымдастыру.

Патриотизм өз жеріне, ауылына, кіші Отанына деген сүйіспеншіліктен басталады.

Мектептегі оқушылардың азаматтық-патриоттық тәрбиесі қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келеді және жалпы тәрбие процесінің негізгі бөлігі болып табылады.

Тәрбие жұмысының дамуы көбінесе сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмысының тиімділігіне байланысты.

Сынып жетекшілерінің ӘБ мақсаты: балаларда адамгершілік, құқықтық және азаматтық мәдениетті, салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру үшін сынып жетекшісінің қызметіндегі тәрбие нысандары мен әдістерін жетілдіру.

Тәрбие жоспарлары мен бағдарламалары жасалды, сынып жетекшілерінің жұмысы, сынып ұжымдарының қызметі құрылды. Сынып жетекшілерінің жұмыс жоспарына тәрбие міндеттерін шешуге ықпал ететін, тәрбие мен әлеуметтік бейімделу деңгейін арттыратын нақты іс-

шаралар енгізілген. Сынып жетекшілері жоспарланған педагогикалық нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін заманауи білім беру технологияларын пайдаланады: тұлғаға бағытталған; білім алушылардың жеке басын өзін-өзі дамыту технологиясы; мәдениеттер диалогы және сыни ойлау технологиясы.

Тәрбие жұмысының жай күйі ӘБ сынып жетекшілерінің отырыстарында қаралады:

- сынып жетекшілерінің оқу жылындағы жұмысын талдау. Мектептің міндеттері, тәрбие жұмысының бағыттары;
- тәрбие жұмысының жоспарын құру бойынша ұсыныстар, сынып жетекшісінің функционалдық міндеттері;
- тәжірибеге жаңа тәрбие технологияларын енгізу;
